

Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 Қаулысы

Салымшылардың және алушылардың құқықтарын қорғауға, зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыруға бағытталған жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 15 қаңтарға және 15 шілдеге Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 30 шілдеге Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Бағдарламаның орындалуын бақылау және қамтамасыз етуді үйлестіру Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне (келісім бойынша) жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 3 5 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы ж ү й е с і н д а м ы т у д ы ң

2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Паспортқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

Атауы	Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы
Өзірлеушілер	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі
Өзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 3274 және 2004 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Қаржыгерлері IV конгресіндегі тапсырмалары, сондай-ақ Премьер-Министрдің 2004 жылғы 27 қыркүйектегі N 281-ө өкімі
Басты мақсаты	Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту, салымшылар мен алушылардың құқықтарын қорғау, ұзақ мерзімді ішкі инвестициялардың көзі ретінде зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру
Міндеттер	Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуын кеңейту, міндетті зейнетақы жарналары бойынша "бір салымшы - бір қор" талабын іске асыру жолымен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету және міндетті зейнетақы жарналары бойынша агенттердің берешегін азайту, алушының зейнетақы алуға құқығына ие болған сәтіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы

жарналарының сақталуы жөніндегі кепілдіктерді мемлекеттің орындауы тәртібін белгілеу, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігін айқындау және салымшылардың (алушылардың) мүдделерін қорғау, зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру, зейнетақы активтерінің көлеміндегі ұзақ мерзімді қаржы құралдарының үлесін ұлғайту, жинақтаушы зейнетақы қорларының портфельдеріндегі қаржы құралдарының бағалық және валюталық тәуекелдерін азайту, ұзақ мерзімді индекстелген мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, жобалық инвестицияларды дамыту мен акциялар нарығын жандандыру, жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерін қадағалауды дамыту әрі оның тиімділігін арттыру және Халықаралық Зейнетақы реттеуіштері Қауымдастығының (INRS) Жеке зейнетақы қорларын реттеу қағидаттарын

енгізу

Қаржыландыру көлемі мен көздері

Болжамды қаржы шығындары 2006 жылғы 35,7 млн. теңгені және 2007 жылғы 182,5 млн. теңге құрайды, олардың мөлшері тиісті жылғы республикалық

бюджетте нақтыланатын болады

Күтілетін нәтиже

Бағдарламаның іске асырылуы: халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылуын кеңейтуге, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тиімділігін және ашықтығын арттыруға, зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарын ұсынуды ұлғайтуы, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түсетін кірістерді

тұрақтандыруға, жинақтаушы зейнетақы
жүйесінің субъектілерін қадағалау мен
реттеу тиімділігін арттыруға

жәрдемдеседі.

Іске асыру мерзімі 2005 - 2007 жылдар

2. Кіріспе

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 3274 және 2004 жылғы 15 қарашада IV Қазақстан қаржыгерлері конгресінде берілген тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 27 қыркүйектегі N 281-ө өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі әзірлеген.

Қазақстан - халықты әлеуметтік қамсыздандыру реформасын жүзеге асырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішіндегі алғашқы ел. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін қайта құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 мамырдағы N 819 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылды.

Зейнетақы реформасының басты стратегиялық бағыты ұрпақтар сабақтастығына негізделген әлеуметтік қамсыздандырудың жүйесінен жинақтаушы зейнетақы қорларында дербес зейнетақы жинақтауды көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп көшуі болды.

Реформа жүргізу сәтінен қазіргі уақытқа дейінгі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі қағидаттары:

зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу;
зейнетақы жинақталымын қалыптастыру үшін азаматтарға жинақтаушы зейнетақы қорларын таңдау құқығын қамтамасыз ету;
азаматтарға белгіленген ең төменгі зейнетақыны қамтамасыз ету жөніндегі тікелей мемлекеттік кепілдіктер;

зейнетақыны және әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да нысандарын ажырату;
еңбек етуге қабілетті жастағы әрбір азаматтың жинақталған зейнетақы жинақталымын қалыптастыруға міндетті түрде қатысуы;
еңбек етуге қабілетті азаматтардың қартайғанда өздерін зейнетақымен қамтамасыз етуге жеке жауапкершілігі;

халықтың жинақтаушы зейнетақы қорларындағы ақшасының қауіпсіздігін және сақталуын ұштастырып, зейнетақы жинақталымдарын инвестициялаудың тиімділігі;

азаматтардың жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақтарды мұраға алу
қ ұ қ ы ғ ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;
әрбір азаматтың қосымша ерікті зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы;
азаматтардың зейнетақы жинақтарын инвестициялау арқылы экономикаға үлес
қ о с у ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының енгізілуімен 1998 жылдан өз есебін бастаған жинақтаушы зейнетақы жүйесі, құрылған құқықтық инфрақұрылым арқасында, қазіргі заманғы даму кезеңінде өзінің қарқынды өсуін бастан кешіп отыр.

Ұзақ мерзімді перспективада жинақтаушы зейнетақы жүйесі мынадай әлеуметтік-экономикалық міндеттердің шешілуін қамтамасыз етеді:
жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) жалақы мөлшеріне, зейнетақы жарналарын төлеу ұзақтығына және зейнетақы жинақтарын инвестициялау тиімділігіне қарай кірістерін қолдауды неғұрлым тиімді әрі әділ ұ й ы м д а с т ы р у ;

нашарлап жатқан демографиялық жағдайда зейнеткерлік жасқа келген азаматтарды толық әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі міндеттемелердің бір бөлігін мемлекеттен және с а л ы қ т ө л е у ш і д е н а л у ;

ұлттық экономиканың өндірістік базасын жаңғырту және оның бәсекелік қабілетін арттыру үшін ұзақ мерзімді инвестициялар ұсыну.

6 жыл 8 айда зейнетақы қорларында біздің ел азаматтарының 436 миллиард теңгеден астам жинақтары шоғырландырылды, бұл ішкі жалпы өнімнің 9% құрайды. Осы ақшаны ұлттық экономикада қолдану аясы сан алуан - қаржы құралдарын шығару және екінші деңгейдегі банктерге салымдар салу арқылы мемлекеттік бюджет тапшылығы мен нақты сектордың қажеттіліктерін қаржыландыру.

Сонымен бірге, жүйенің негізгі көрсеткіштерінің серпінді өсімі ел экономикасының даму деңгейіне, мемлекеттік бюджет тапшылығының төмендеуіне және тиісінше мемлекеттік қарыз алу көлеміне, теңгенің ревальвациясына, сондай-ақ сыртқы экономикалық факторларға байланысты жинақталған зейнетақы жинақтарын басқару тиімділігінің төмендеуімен қатар жүруде.

Бұдан басқа, жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың бір бөлігі ретінде дамытудың негізгі басымдықтарын айқындау және мемлекеттік органдардың осы саладағы орташа мерзімді перспективаға күш-жігерін үйлестіру қажеттілігі осы Бағдарламаны әзірлеудің алғышарты болды.

3. Қазіргі жай-күйді талдау

Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін нормативтік құқықтық база жасалған.

Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, мемлекеттік органдармен, салымшылармен (алушылармен), міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттермен және екінші деңгейдегі банктермен өзара қатынастар жүйесі айқындалған.

2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнетақы жарналарын қабылдау және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысу лицензиясына 16 филиалы мен 73 өкілдігі бар.

ЖЗҚ-ның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің саны ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалып отыр, бұл олардың салымшыларға қызмет көрсетуі үшін зейнетақы қызметі нарығында жеткілікті екендігі туралы айғақтайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - ЗАИБЖҰ) саны 9, оның ішінде 2 ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар - "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" (бұдан әрі - "МЖЗҚ") акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АҚ) және "Қазақстанның Халық Жинақ Банкі" ЖЗҚ АҚ.

Екінші деңгейдегі банктердің 7-уі зейнетақы активтерін сақтау әрі олардың есебін жүргізуді жүзеге асыруда, бұл ретте екінші деңгейдегі банктердің 9-ның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кастодиандық қызметпен айналысуға лицензиясы бар.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (бұдан әрі - ЖЗЖ) жұмыс істеген кезең ішінде зейнетақы жинақтарының және тиісінше салымшылардың (алушылардың), зейнетақы жарналарының, таза инвестициялық кірістің, зейнетақы төлемдерінің, сондай-ақ зейнетақы жинақтары аударымдарының негізгі бөлігі үш аса ірі ЖЗҚ-да шоғырланды: "Қазақстан Халық Жинақ Банкі ЖЗҚ" АҚ, "МЖЗҚ" АҚ және "Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ, олардың ЖЗЖ жалпы көрсеткіштеріндегі үлесінің азаюы үрдісі байқалуда.

3.1 ЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударушы салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттары (бұдан әрі - ДЗШ) санының өсуі мынадай деректермен сипатталады:

№ 1 кесте

Күні	Зейнетақы жарналарының (шоттарының) түрлері бойынша ДЗШ-ның саны	
	үш ірі	ең ірі

	міндетті бойынша	ерікті бойынша	ерікті кәсіби бойынша	қордың үлесі* (%)	Қамтылған халық саны (мың адам)
1998	3752386	26	-	95	6128
1999	2994513	7363	-	85	6105
2000	3715535	16934	-	81	6201
2001	4630205	22071	-	79	6699
2002	5399313	25084	-	75	6709
2003	6164316	27364	-	69	6968
01.09.04	6642793	29507	1359	68	7893

* - "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ, "МЖЗҚ" АҚ және "Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ

№ 1 кестеден көріп отырғанымыздай, 2004 жылғы 1 қыркүйекке ДЗШ-ның саны елдегі қамтылған халықтың 84% құрайды.

Сонымен бірге, бір салымшының бірнеше ДЗШ-мен екі немесе одан да көп зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуынан, 2000 жылға дейін салымшылардың әлеуметтік жеке кодтарының (бұдан әрі - ӘЖК), сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі салымшылардың деректемелерін (тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін) көрсетуде және олардың міндетті зейнетақы жарналарын аударуы кезіндегі төлеу жөніндегі агенттер міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуы кезіндегі ЖЗҚ деректемелерін көрсетуде агенттердің жіберген қателерінен туындаған себептерге байланысты ДЗШ-ның саны салымшылардың нақты санына сәйкес келмейді.

Қазіргі уақытта салымшының ӘЖК тіркемеген жинақтарының жалпы сомасы 3,5 млрд. теңге ДЗШ-ның саны 710 318 құрайды, бұдан басқа, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарты бекітілмеген ДЗШ-ның саны 663 358 құрайды, олардың ішінде міндетті зейнетақы жарналары түсіп жатқан ДЗШ-ның үлесі 16% құрайды және тиісінше міндетті зейнетақы жарналары түспегендері - 84%.

Сөйтіп, меншік құқығы анықталмаған салымшылардың зейнетақы жинақтарының сомасы жалпы зейнетақы жинақтарының 1 % жуығын құрайды.

3.2 ЖЗҚ-дағы халықтың зейнетақы жинақтары

Жарналар

ЖЗЖ дамуының жоғары қарқыны халықтың жұмыспен қамтылуының және жалақының өсуімен және тиісінше міндетті зейнетақы жарналары аударымдарының ұлғаюымен қамтамасыз етілуде.

Зейнетақы жарналарының ЖЗҚ-ға жалпы түсімі мынаны құрады:

(млн.теңге)

Күні	Мынадай түрлері бойынша зейнетақы жарналары				ҚР бойынша орташа жалақы (теңге)
	Барлығы	Міндетті	Ерікті	Ерікті кәсіби	
1998	22332	22331	0,3	-	9683
1999	47864	47856	7	-	11864
2000	85438	85354	84	-	14374
2001	129561	129422	139	-	17303
2002	195454	195243	211	-	20305
2003	276172	275872	301	0,5	23128
01.09.04	340426	331918	342	0,9	27092

N 2 кестеде келтірілген деректерге сәйкес зейнетақы жарналарының өсу қарқыны алғашқы жылдары жеткілікті түрде жоғары болды және 1999 жылғы 114%-дан 2003 жылы 41%-ға дейін құрады. ЖЗЖ-ның жұмыс істеуі кезеңінде ерікті зейнетақы жарналарының, ал 2004 жылы ерікті кәсіби зейнетақы жарналары түсімнің болмашы ұ л ғ а ю ы б а й қ а л а д ы .

Зейнетақы жарналарын төлеудің қарқыны төмендеуі мен тұрақтануы зейнетақы шарттарын жасаған және ЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын аударған азаматтар санының өсуіне, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер берешегінің а з а ю ы н а б а й л а н ы с т ы .

Сонымен бірге, қазіргі уақытта міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің қолданыстағы тәртібінде бірнеше негізгі проблеманы баса көрсетуге болады:

1) міндетті зейнетақы жарналарын екі және одан да көп ЖЗҚ-ға төлеу және соның салдарындай екі және одан көп ДЗШ-ның болуы;

2) "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны (бұдан әрі - "ЗТЖМО" РМҚК) жеке адамдар тізімінде тым болмаса бір ғана салымшының деректемелерінде қателер анықталған кезде міндетті зейнетақы жарналары төлемінің бүкіл сомасын агентке қайтаруы;

3) салымшы құпиясының болмауы, яғни ЖЗҚ-ның арасындағы теріс пиғылды бәсекелестікке соқтыратын белгілі бір ЖЗҚ-да салымшының болуы туралы ақпарат міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер болуы.

Бұдан басқа, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті және осы агенттегі жұмыс істеу кезеңінде ӘЖК және зейнетақы шартын ресімдемеген және жұмыс орнын ауыстырған, көшіп кеткен және т.б. жеке тұлғаларға өсімпұлды төлеу проблемалары бар.

Инвестициялық кіріс

Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген таза инвестициялық кірістің сомасы 2004 жылғы 1 қыркүйекке 102,32 млрд. теңгені құрады.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

N 3 к е с т е
(млн. теңге)

Күні	Зейнетақы жинақтарының таза инвестициялық кірісі		
	Сомасы	Өсім	Өсу қарқыны
1998	1597	-	-
1999	18855	17253	1080%
2000	32399	13544	72%
2001	49478	17079	53%
2002	77877	28399	57%
2003	99231	21354	27%
01.09.04	105195	5964	6%

Инвестициялық кірістің өсу қарқынының төмендеуі байқалады: 2003 жылы - пайызы 30 тармаққа. 2003 және ағымдағы жылы инвестициялық кіріс қарқынының төмендеуі ұлттық валютаның нығаюының және бағалы қағаздардың ішкі нарығындағы сияқты, капиталдың сыртқы нарықтарында қаржы құралдары бойынша кірістің төмендетуінің есебінен болуда.

Зейнетақы жинақтары

ЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарының шоғырлануы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың нәтижесінде салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 436 млрд. теңгені құрады.

Жылдар бойынша зейнетақы жинақтарының өсу қарқыны мынадай деректермен сипатталады:

N 4 к е с т е
(млн.теңге)

Зейне- тақы жинақ-	Жинақтар сомасын- дағы ең ірі қор-	Б і р ж ы л -	Өткен кезең- дегі жарна- лардың	Бір жыл- дағы зей- нетақы жинақта-
--------------------------	---	------------------	---	---

Күні	тарының сомасы	лардың үлесі* (%)	дағы өсімі	орташа айлық түсім- дері	рының өсу қарқыны (%)
1998	23541	85		1961	
1999	64502	81	40961	3413	174
2000	112649	74	48147	4012	75
2001	182383	71	69734	5811	62
2002	269752	68	87369	7280	48
2003	368349	66	98597	8216	37
01.09.04	436065	65	67716	8128	18

* - "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ, "МЖЗҚ" АҚ және "Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ

3.3 Зейнетақы төлемдері

1998 жылдан бастап 2004 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы қорлары аударымдарды қоса алғанда, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен, жалпы сомасы 24 млрд. теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды. Көрсетілген кезеңнің ішінде зейнетақы төлемдерінің негізгі бөлігі үш ірі ЖЗҚ-да шоғырландырылды.

Төменде келтірілген кесте ЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері мөлшерінің өсуін, сондай-ақ өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда ең ірі ЖЗҚ-дың төлеу үлесінің төмендеуін көрсетеді:

N 5 кесте
(млн.теңге)

Күні	Зейнетақы жинақтарының есебінен төлемдер, оның ішінде:					
	сақтан- дыру ұйым- дарына ауда- рымдар	зейнет- керлік жасына жету бойынша төлемдер	сыртқа шығуға байла- нысты төлем- дер	басқа төлем- дер	төлем- дердің бар- лығы	Үш ірі ЖЗҚ-ның үлесі* (%)
1998		133	38	2	173	98
1999		1119	571	55	1745	97
2000		1946	2135	277	4358	94
2001		2773	4620	648	8041	73
2002		4635	8428	1348	14411	69
2003		6596	11093	3076	20765	67

01.09.04	1,9	8451	11707	3943	24103	66
----------	-----	------	-------	------	-------	----

* - "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ, "МЖЗҚ" АҚ және "Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ

2004 жылғы 1 қыркүйекке жинақтаушы зейнетақы қорларына барлық төлемдерінің жартысына жуығы басқа елдерде тұрақты тұру үшін салымшылардың кетуіне байланысты. Іс жүзінде, эмигранттардың саны қысқарғандықтан, жекелеген жағдайларда салымшылар зейнетақы жинақтарын алу үшін жалған сыртқа кету құжаттарын ресімдеді. Осыған байланысты, заңнамаға зейнетақы жинақтарын мерзімнен бұрын алуға құқылы тұлғалар шеңбері шектейтін толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде, N 5 кестеден көрінетіндей, салымшының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кетуіне байланысты төлем көлемі 2003 жылда 2665 млн. теңге құрады, ал 2004 жылдың 8 айында едәуір төмендеді әрі небәрі 614 млн. т е н г е қ ұ р а д ы .

Зейнетақы төлемдерінің қолданыстағы тәртібінде орташа алушының алдын ала белгіленген тұрмыс деңгейіне зейнетақы төлемдері мөлшерінің барабарлығын қамтамасыз ету мәселесі белгілі бір дәрежеде проблема болып табылады. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес, егер зейнеткер ЖЗЖ шеңберінде 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін өзінің еңбек қызметінің төрттен үшінші ішінде міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырса, бірақ жеткілікті соманы жинай алмаса, мемлекеттік бюджеттен ең төменгі зейнетақыға дейінгі үстеме ақы түрінде болжанады. Зейнеткерлік жасқа жеткен өзге азаматтарға ЖЗЖ шеңберінде мемлекеттің тарабынан ең төмен зейнетақыға к е п і л д і к б е р і л м е й д і .

Зейнетақы төлемдері схемаларын жетілдіру мақсатында зейнеткерлерге өмір бойы тұрақты төлемдерді төлеуді тиімді қамтамасыз етуге арналған жеке сақтандырудың өнімі ретінде аннуитеттерді ұсыну жүйесін дамыту қажет, өйткені өмірінің ұзақтығына қарамастан, жинақтар түгел сарқылғанға дейін кесте бойынша төлеуді қамтамасыз етеді. Алайда, салымшылардың зейнетақы жинақтарының әлі де жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ зейнетақы аннуитеттері бойынша сақтандыру төлемдерінің ең төменгі зейнетақысы бойынша индекстелген сақтандыру ұйымдарының қамтамасыз ету тәуекелдері зейнетақы аннуитеттерін дамыту үшін негізгі кедергі болып табылады.

3.4 Зейнетақы жинақтарының аударымдары

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес салымшыларға (алушыларға) ЖЗҚ-н дербес таңдау құқығы берілді. Сондай-ақ алушыға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ЖЗҚ-дан екіншісіне аудару мүмкіндігі берілді, бірақ жылына екі реттен жиілетпей.

N 6 к е с т е

(млн.теңге)

--	--

Күні	Басқа зейнетақы қорларынан қабылданған аударымдар
1998	813
1999	9218
2000	17758
2001	26991
2002	42341
2003	62430
01.09.04	77073

Нәтижесінде бір зейнетақы қорынан екіншісіне ауыстырылған аударымдар 2004 жылғы 1 қыркүйекке 77 млрд. теңгені немесе зейнетақы жинақтарының 18 % құрады. Аударымдардағы салымшылар белсенділігінің осындай салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіші ЖЗҚ-дың салымшыларды тартудағы белсенділігімен, ЖЗҚ-ны біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру әрі біріккен ЖЗҚ-дың салымшыларының зейнетақы аударымдары жинақталуы процестерімен, сондай-ақ жекелеген жағдайларда салымшының ЖЗҚ таңдауына жұмыс берушінің қысым көрсетуімен түсіндіріледі.

3.5 ЖЗҚ инвестициялық портфелінің құрылымы және қаржы құралдары ұсыныстарының кеңеюі

Зейнетақы реформасының бастапқы кезеңінде ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздарды қамтыды. ЖЗҚ-ның жұмыс істеуі кезеңінде зейнетақы қорлары инвестициялық портфелінің құрылымы кеңейді және едәуір өзгерістерге ұшырады:

N 7 к е с т е
(%)

Құралдардың құрылымы	1998	1999	2000	2001	2002	2003	01.09.04
ҚР-ның мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	97,67	93,97	74,62	59,30	48,33	53,33	52,95
ҚР-ның еурооблигациялары	15,27	35,65	65,94	42,95	22,56	12,19	0,80
ҚР Қаржы министрілігінің бағалы қағаздары	80,43	55,63	4,12	10,82	13,03	17,75	16,53
ҚР Ұлттық Банкінің ноталары	1,97	2,4	4,33	4,90	12,24	23,18	35,58
ҚР жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздары	0,00	0,29	0,23	0,63	0,45	0,21	0,04

Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	0,32	1,64	2,55	8,44	8,78	6,85	7,04
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0,00	0,59	4,08	3,56	6,45	2,92	0,51
Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары	0,00	0,00	0,00	0,00	3,69	2,39	4,99
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	0,37	1,96	15,89	23,23	27,96	29,73	31,25
Акциялар	0,37	0,67	2,14	3,56	3,82	3,98	5,35
Облигациялар	0,00	1,29	13,75	19,67	24,14	25,75	25,90
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	0,00	0,40	2,44	2,99	3,95	4,22	2,80
Инвестициялық шот-тағы қаражат және басқа активтер	1,64	1,44	0,42	2,48	0,84	0,56	0,46

№ 7 кестенің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі реформа кезінен бастап 45 пайыздық тармаққа төмендеді, бұл ретте Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 31 пайыздық тармаққа өсті. Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтары 40 кәсіпорын мен ұйымдардың акцияларына және облигацияларына салынды.

Сонымен бірге, инвестициялық кірістерді тұрақтандыру және салымшылардың зейнетақы жинақтарын басқарудың тиімділігін арттыру үшін ЖЗҚ инвестициялық портфельін әртараптандыру және зейнетақы жинақтарының сақталуы талаптарына сай қаржы құралдары тізбесін кеңейту жөніндегі іс-шараларды одан әрі жүргізу қажет, бұл өз кезегінде ішкі жинақтар мен өндірістік сектордың жандануы есебінен Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторын қаржыландыру проблемаларын шешуді қамтамасыз етуі тиіс.

Дүниежүзілік банктің және Халықаралық валюта қорының бірлескен Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) шеңберінде 2004 жылғы 11-25 ақпан кезеңінде Қазақстанда миссия өткізген қаржы жүйесі тұрақтылығының жаңартылған бағасы туралы баяндама ЖЗҚ үшін ұзақ мерзімді қаржы құралдары шығарылымдарын ынталандыру жөнінде күш-жігер жұмсауды жалғастырудың қажеттілігін баса айтады, сондай-ақ Қазақстанда мемлекеттік борыштық міндеттемелердің белсенді болжамды нарығының жоқ екенін атап өтті және ішкі мемлекеттік борыш шығарылымдарының

құрылымын, ол теңгемен ірілендірілген борыштық міндеттемелер нарығының дамуына жәрдемдесу үшін бағдарлар мен кірістілік көрсеткішін белгілеу жолымен қалыптастыруды ұсынды.

3.5.1 Жобалық инвестициялауды дамыту және акциялар рыногын жандандыру

Инвестициялық жобаларды қаржыландыруға ЖЗҚ-ның қатысуы ішкі ұзақ мерзімді инвестициялар экономикалық өсуге әсер ететіндіктен және елдің бәсекелестік қабілетін арттыратындықтан, бүкіл елдің дамуына оң әсер етеді. Сонымен бір мезгілде ЖЗҚ ұзақ мерзімді инвестицияларды сатып ала отырып, өз портфельдерінің тәуекелдерін неғұрлым әртараптандыруға және барабар кірістілікке қол жеткізе алады.

Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудағы латын америкасы елдерінің зейнетақы жүйелерінің тәжірибесі кез келген жағдайда мұндай қаржыландыру тікелей жүрмейтіндігін көрсетеді. Барлық жағдайда зейнетақы ақшасын нақты экономикаға тарту барынша қауіпсіз жолмен, яғни әр түрлі субъектілердің бағалы қағаздары арқылы жүргізіледі.

Олардың ішінде ЖЗҚ-ның өз кезегінде тікелей инвестициялардың, жылжымайтын мүліктің және т.б. қорлары бола алатын инвестициялық қорларға қатысуының тәуекелі мейлінше зор болып табылады.

Үлестік бағалы қағаздар нарығын жандандырудың негізгі проблемасы қазақстандық компаниялардың капиталдандырылуының төмен болуы әрі баяу өсуі болып табылады. Республика экономикасында акциялар нарығының рөлі болмашы, оның капиталдандырылуының төмен болуы әрі кәсіпорындардың инвестициялар тарту тетігі ретінде оған жете мән бермеуі Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының елеулі проблемалары болып қалуда.

3.5.2 Ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар шығару

Қазіргі уақытта ішкі мемлекеттік борыш құрылымында айналыс мерзімі бір жылдан бес жылға дейінгі құралдар неғұрлым көлемді орын алуда және ЖЗҚ тарабынан сұранысқа ие неғұрлым ұзақ мерзімді құралдар жетіспеуде.

Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдары алдын ала болжануы мен жеткілікті үлкен көлемде және ұзақ мерзімге (10 және одан да көп) белгіленген белгілі кестеге сәйкес жүзеге асырылуы сияқты нарықтағы жалпы нормаларға сай болуы тиіс.

Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының кестесі уақыттың ұзақ кезеңін камтуы, ұйымдастырылған бағалы қағаздардың нарығына қатысушылары үшін қол жетімді болуы және олардың эмитенті сақтауы тиіс.

Есептеу үшін базасы инфляция индексі болып табылатын сыйақының (мүдденің) өзгермелі ставкасы бар ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар және ЖЗҚ әрі

зейнетақы мен өмірді сақтандыруды жүзеге асырушы сақтандыру ұйымдары мемлекеттік бағалы қағаздар портфелі бойынша нақты оң кірісті алуы мақсатында шығарылуы тиіс.

Қазақстандағы қолданыстағы зейнетақы жүйесі сақталуының мемлекеттік кепілдігі заңнамада белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын көздейтіндігін атап өту қажет. Бұл кепілдік зейнетақы төлемдері құқығын алу кезіндегі инфляция деңгейін ескеретіндігіне байланысты ұзақ мерзімді индекстелген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымын шығару орынды болып табылады, бұл жоғарыда аталған бағалы қағазға зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде осы кепілдіктің алдын ала орындалуына жәрдемдеседі.

3.6. Салымшылардың (алушылардың) құқықтарын қорғау

3.6.1 ЗАИБЖҰ мен ЖЗҚ-ның жауапкершілігі

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатын аудару немесе төлеу кезінде дербес зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы азайған жағдайда инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерінен аз, ал зейнетақы жинақтарының азаюы ЖЗҚ немесе ЗАИБЖҰ немесе кастодиан банк кінәсінің салдарынан болса ЖЗҚ өз капиталының есебінен зейнетақы жинақтарының залалын инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшеріне дейін қалпына келтіруге міндетті.

ЖЗҚ-ның осы міндеті (жауапкершілігі) тек ЖЗҚ-ның, ЗАИБЖҰ-ның немесе кастодиан банктің кінәсі анықталған жағдайда туындайды. Сайып келгенде, көрсетілген субъектілердің кінәсін мүдделі тұлғаның талап-арызының негізінде тек қана сот анықтай алады.

Сонымен бірге, зиянды өтеу жөніндегі мүдделі тұлғалардың талап-арыздарын беру мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде азаматтық-құқықтық қатынас нормалары ретінде көзделген, осыған байланысты заңнаманың осы нормасы Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілуі талап етілмейді және жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерінің жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ештеңемен толықтырмайды.

№ 7 кестеде ЖЗҚ-ның өз салымшылары алдындағы жауапкершілік өлшемдерін анықтаудың халықаралық тәжірибесі келтірілген.

№ 7 кесте

Зейнетақы жүйелерінің				
-----------------------	--	--	--	--

ерекшіліктері	Чили	Аргентина	Польша	Қазақстан
Кепілдік берілген инвестициялық кіріс деңгейін есептеуге арналған база	Өткен 36 ай үшін барлық зейнетақы қорларының нақты орташа инвестициялық кірісі	Кепілдік берілген ең төменгі инвестициялық кіріс нақты мөлшерде емес, номиналды мөлшерде айқындалады	Тоқсан сайын зейнетақы қорының соңғы 24 айдағы негізгі құралдарының мөлшеріне сәйкес есептелген орташа номиналды инвестициялық кіріс есептеледі	
Кепілдік берілген инвестициялық кірістің ең төменгі деңгейі	Нақты орташа инвестициялық кірістің және 2% азайтылған нақты орташа инвестициялық кірістің 50%-нен ең төменгі мөлшері	Орташа инвестициялық кірістің және 2% азайтылған орташа номиналды инвестициялық кірістің 70%-нен ең төменгі мөлшері	Орташа инвестициялық кірістің және 4% азайтылған орташа номиналды инвестициялық кірістің 50%-нен ең төменгі мөлшері	
Резервтік қор	Барлық қорлар бойынша инвестициялық кірістің орташа деңгейінен асатын инвестициялық кіріс есебінен қалыптас-	Ең жоғары белгіленген деңгейден асатын инвестициялық кіріс есебінен қалыптасады. Басқарудағы қаражаттың	Инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылатын резервтік қор көзделмеген. Резервтік қор қордың	Инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылатын резервтік қор көзделмеген. Резервтік қор басқарушының таза кірісі есебінен немесе оның акционерлерінің қосымша жарналары есебінен құрылады. Негізгі

	<p>тырылады. Өз қаражатының 1% мөлшерінде жеке резервтік қор қосымша құрылады</p>	<p>2% мөлшерінде меншікті қаражат есебінен резервтік қор қосымша құрылады.</p>	<p>жиынтық қаражатының 1-ден 3%-ке дейінгі мөлшерде өзі қаражаты есебінен құрылады.</p>	<p>резервтік капитал зейнетақы активтері мөлшерінің және қосымша зейнетақы активтері бойынша кірістілік деңгейіне қарай 0,25-тен 0,1%-ке дейінгі мөлшерде қалыптастырылады.</p>
<p>Инвестициялық кірісті өтеуге кепілдік беру тетігі</p>	<p>Инвестициялық кіріс ставкасы ең азына төмендеген кезде қызметкердің шотына нақты емес, ең аз инвестициялық кіріс есептеледі. Инвестициялық кіріс ставкасы барлық қорлар бойынша орташа алғанынан 50% асқан кезде не осы көрсеткіштің 2 пайыздық тармақтан асып кетуі (не жоғары екеніне қарай) қызметкердің шотына нақты емес, белгі-</p>	<p>Қызметкерлерге есептелетін ең жоғары инвестициялық кіріс барлық зейнетақы қорлары бойынша орташа арифметикалық көрсеткіштің 30% мөлшерінде белгіленеді не осы көрсеткіштің 2 пайыздық тармаққа асып кетуі (не жоғары екеніне қарай). Егер 2 жыл бойы резервтік қордың жиынтық қаражатының 5%-тен асып кеткен жағдайда, артық қаражат</p>	<p>Инвестициялық кірістің ең жоғары деңгейі белгіленбейді</p>	<p>Азаматтық құқықтық жауапкершілік</p>

	ленген ең жоғары кіріс есептеледі.	дербес шоттарға аударылады.		деңгейінде реттеледі.
Қаржылық камтамасыз ету көздері	Инвестициялық кіріс кепілдік берілген деңгейден төмен азайған кезде айырмасы резервтік қордан өтеледі. Резервтік қорда қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстар өз резервтік қоры есебінен өтеледі.	Инвестициялық кіріс кепілдік берілген деңгейден төмен азайған кезде айырмасы резервтік қордан өтеледі. Резервтік қорда қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстар өз резервтік қоры есебінен өтеледі.	Кепілдік берілген төлемдер өз резервтік қоры есебінен жасалады. Резервтік қорда қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстар өз резервтік қоры есебінен өтеледі. Осы қаражат та жеткіліксіз болған жағдайда кем шығуын ұлттық кепілдік беру қоры өтейді.	Сот кінәсін анықтаған жағдайда зейнетақы жинақтарының шығындары қордың немесе басқарушының өз қаражаты есебінен өтеледі.
Қосымша кепілдіктер	Үкімет соңғы инстанцияның кепілі болады және ортақ негізде	Үкімет соңғы инстанцияның кепілі болады және зейнетақы қорлары үшін тегін сақтандыруды береді.	Ұлттық кепілдік беру қоры қаражатының тапшылығы болған жағдайда, оның міндеттемелері мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеледі. Қор қаражаты зейнетақы қорларының арнайы жарналары есебінен	Мемлекеттік инфляция деңгейін ескере отырып зейнетақы төлемдеріне құқықтарға иелік ету сәтіне міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді. Зейнетақы жинақтары төленген немесе аударған зейнетақы жинақтары

кепілдікті қамтамасыз етеді	Ұлттық Банк жинақтаушы шоттардың кірістілігі мөлшерінде кіріске кепілдік береді	және кепілдік беру қорының инвестициялық кірісі есебінен қалыптастырылады, олардың жалпы құны барлық зейнетақы қорларының жиынтық қаражатының 0,1% аспауы тиіс.	нақты енгізілген жарналар мөлшерінен төмен азайғанда, қордың немесе басқарушының кінәсі болған жағдайда, инфляция деңгейін ескере отырып қор нақты енгізілген жарналар мөлшерін қалпына келтіреді.
-----------------------------	---	---	--

Осылайша, міндетті ЖЗЖ бар елдердің тәжірибесі қызметінің ерекшелігі және олар көрсететін қызметтен туындайтын, зейнетақы активтерін дербес басқарушы ЗАИБЖҰ мен ЖЗҚ-ның нақты қаржы жауапкершілігі жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша инвестициялық кіріспен қамтамасыз ету тәртібін тәптіштей отырып, барлық ЖЗҚ бойынша уақыттың белгілі бір кезеңінде нақты қалыптасқан кірістілікті негізге ала отырып, шекті кірістіліктің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету бойынша зейнетақы активтерін дербес басқарушы ЗАИБЖҰ мен ЖЗҚ-ның жауапкершілігін белгілейтін заңнамада анықталуы мүмкін.

3.6.2 Төлем төлеу кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген зейнетақы жарналарының сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдік

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен алушының зейнетақы төлемдеріне құқық алу кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерінде ЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекет алушыларға кепілдік береді.

Міндетті зейнетақы жинақтарының сақталуының көзделген мемлекеттік кепілдігі мониторингті қамтамасыз ететін тетіктерді іске асыруды, республикалық бюджетке қажетті шығыстарды енгізу үшін болжамды, сондай-ақ негіздер туындаған жағдайда осы кепілдікті іске асыру тәртібін талап етеді.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген оқиғалардың ықтимал туындауы кезінде "ЗТМО"

РМҚК-ның дерекқорындағы инфляция деңгейін ескере отырып нақты енгізілген жарналар мөлшеріндегі жинақтардың ең төменгі мөлшерінің мониторингі қажет.

3.7. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілерін қадағалауды дамыту және оның тиімділігін арттыру

Дүниежүзілік практикадағы әлеуметтік қамсыздандырудың жеке жүйелерін кешенді түрде дамытуды қамтамасыз ететін ЖЗҚ-ның қызметін реттеу мәселелері Экономикалық Ғылымдар Елдері Ұйымының (OECD) жанындағы Зейнетақы реттеушілерінің Халықаралық Қауымдастығының (INPRS) Жеке зейнетақы қорларын реттеу

қағидаттарында белгіленді:

- 1) реттеудің барабар жүйесінің болуы;
- 2) қаржы нарықтарын тиісінше реттеу;
- 3) салымшылар мен қатысушылар құқықтарын қорғау;
- 4) зейнетақы төлемдері схемасына қойылатын барабар талаптар;
- 5) реттеу және бөлу жүйесі;
- 6) қорландыру;
- 7) есептеулер техникасы;
- 8) қадағалауды ұйымдастыру;
- 9) өзін-өзі реттеу;
- 10) бәсекелестік нарығы;
- 11) инвестициялау;
- 12) сақтандыру тетіктері;
- 13) тарату;
- 14) ақпаратты ашу және оған қол жеткізу;
- 15) корпоративті басқару.

Қазақстанның ЖЗЖ-ын реттеу жүйесі зейнетақы қорлары салымшыларының мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, ЖЗҚ мен ЗАИБЖҰ тұрақтылығын қамтамасыз етеді, зейнетақы және меншікті активтерді есепке алудағы бөлуді қамтамасыз етеді, заңнамада зейнетақы төлемдерінің схемалары мен оларды жүзеге асыру тәртібі, комиссиялық сыйақы ставкасы шегі, ЖЗҚ тарату және зейнетақы активтерін беру тетігі белгіленген, салымшының тарабынан толық қаржыландыру қағидаты қолданылады, қадағалаушы уәкілетті орган жүйенің субъектілеріне қатысты тиісті реттеуші және бақылаушы өкілеттіктеріне ие. Сөйтіп, оларды енгізу үшін ЖЗҚ мен ЗАИБЖҰ тәуекелдері жүйесі, "Қазақстан Республикасындағы зейнетақы мен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген зейнетақы активтерін сақтандыру жүйесін құру, нысандарын және уақытын, шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру, ЖЗҚ автоматтандырылған ақпарат жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарау қажет болып отырған техникалық есептеулер, сақтандыру тетіктері

мен корпоративті басқару қағидаттарын қоспағанда, жеке зейнетақы қорларын реттеу қағидаттарының көпшілігі табысты түрде қолданылуда.

3.8. Зейнетақы активтерінің кірістілігі және оларды басқарудың тиімділігін арттыру

Қазіргі уақытта, зейнетақы активтерін басқару нәтижесін бағалау қатарынан кез-келген 12 ай үшін есептелген ЖЗҚ номиналды және нақты кіріс коэффициенттері негізінде жүргізілуде.

№ 1 кесте

(қағаз мәтінінен қараңыз)

№ 1 кесте барлық ЖЗҚ-ның орташа өлшемді номиналды кірісінің және 1998 жылғы маусымнан бастап инфляция қарқынының өзгеруін көрсетеді. Талдау базасы үшін әртүрлі уақыт кезеңдері алынуы мүмкін болғандықтан, сондай-ақ осы немесе өзге де әдістемелерді таңдап алынуы салдарынан зейнетақы жинақтарының тиімділігін бағалау деректерінің айырмашылығы болуы мүмкін. ЖЗҚ портфелінің кірістілігін объективті түрде бағалау үшін есепке алу базасы ретінде неғұрлым ұзақ кезеңді белгілеу керек, өйткені зейнетақы активтерін басқару ерекшелігі алушылар алдындағы ЖЗҚ-ның ұзақ мерзімді міндеттемелерімен айқындалады.

№ 2 кестеде ЖЗҚ құрылған сәттен бастап енгізілген зейнетақы жарнасы құнының орташа өсу қарқынындағы өзгерістер және 1998 жылғы 1 қаңтарға есептелген, яғни ЖЗЖ қызметінің бүкіл кезеңі базасындағы инфляция деңгейі келтірілген. Осы кестеде ЖЗҚ-ның көпшілігінде тиісті ЖЗҚ құрылған сәтте келіп түскен зейнетақы жарналарының құнының өсуі осындай кезеңдегі инфляция деңгейінен асып отыр, бұл ЖЗҚ-да қолайлы кезеңдерде қалыптасқан кірістіліктің кейбір қоры болатындығын куәландырады.

№ 2 кесте

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Алайда 2004 жылдың басынан бастап № 3 кестеде көрсетілген барлық ЖЗҚ-ның орташа өлшемді кірістілігі инфляция деңгейінен төмендеді, бұл қаралып отырған кезеңдегі зейнетақы активтерінің нақты теріс кірістілігін көрсетіп отыр. Осы жағдай инфляция қарқынының ұлғаюы және қаралып отырған кезеңдердегі қаржы құралдары бойынша кірістіліктің кемуі нәтижесінде қалыптасып отыр.

ЖЗЖ-ны мемлекеттік реттеудегі, оның ішінде әлемдік практикадағы негізгі басымдық зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және салымшылар үшін шығындар тәуекелін азайту, содан кейін зейнетақы активтерінің кірістілік деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте ЖЗЖ-ны дамытудың белгілі бір кезеңдерінде кейінгі жылдардың оң кірістілігімен жабылатын теріс кірістік байқалып отырады.

(қағаз мәтінінен қараңыз)

3.8.1. ЖЗҚ портфеліндегі ұзақ мерзімді қаржы құралдарының үлесін ұлғайту

ЖЗҚ зейнетақы активтерінің ай сайынғы кірістілігі өз кезегінде портфельдің қаржы құралдарын нарықтық бағалауға және осының алдындағы 12 күнтізбелік айдағы инфляция қарқынына негізделеді. Осы сәттегі ЖЗҚ портфелінің қаржы құралдарын нарықтық бағалау алдында болған бағалау күнінен кейінгі отыз күн ішінде Қазақстан қор биржасында өткізілген сауда-саттықта жасалған бағалы қағаздармен мәмілелер параметрлер негізге алынып, есептеледі. Бағаны есепке алып отырған осындай қысқа кезең ЗАИБЖАҰ (ЖЗҚ) зейнетақы активтері портфелін қайта қарауына жәрдемдеседі, бұл, түптеп келгенде қысқа мерзімді құралдарға инвестициялауға ұмтылуына әкеп соғады. Сөйтіп, қазіргі реттеушілік талаптар мен қаржы құралдарының жетіспеуі жанама түрде қысқа мерзімді инвестициялау практикасын ынталандырады.

Зейнетақы активтерінің портфеліндегі қаржы құралдарының қысқа мерзімділік сипаты алынған активтердің орнын толтыру үшін тұрақты қажеттіліктің болуын сипаттайды, яғни зейнетақы активтерінің нарықтық тәуекелін ұлғайтатын Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының инвестициялық баламасының шектеулі болуымен бірге ЖЗҚ-ның қайта инвестициялау қажеттілігінің жоғары болуын с и п а т т а й д ы .

Осы факторлар мынаны білдіреді, яғни ЖЗҚ портфелі құралдарының нарықтық бағаларын анықтау үшін базалық кезең мейлінше ұзақ болуы тиіс.

Сондай-ақ зейнетақы активтерінің орынды инвестициялық стратегиясы мынадай қағидаттарға к а т а ң н е г і з д е л у і т и і с :
Қысқа мерзімді инвестициялау.

Зейнетақы активтерінің мәнді инвестициялық стратегиясы мынадай принциптерге б е р і к н е г і з д е л у і т и і с :

активтерді әртараптандыру (активтердің әртүрлі санаттары арасында) және активтердің ыдыраңқылығы (санаттар ішіндегі);
мерзім сәйкестігі (өтімділік қағидатын қосқанда); және мейлінше мүмкіндігіне қарай валюталық құрылымның сәйкестігі немесе кемінде түрлі валюталар бойынша әртараптандыру арқылы хеджирлеу.

Тұтас алғанда зейнетақы активтерін басқарушылардың инвестициялық саясаты инвестициялық тәуекелдерді мейлінше азайту мақсатында барынша әртараптандыруды ескере отырып, оның ішінде шетелдік нарықтарда неғұрлым ұзақ мерзімді құралдарға инвестициялау қажеттілігіне негізделуі тиіс.

жергілікті билік органдары	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0
ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздар	0,31	198	0,32	198	0,34	263	0,34	321
облигациялар	0,26	113	0,28	173	0,29	224	0,30	280
акциялар	0,05	23	0,04	25	0,05	39	0,04	41
ЕДБ салымдары мен сертификаттары	0,07	31	0,10	56	0,17	131	0,20	189
салымдар	0,07	31	0,10	56	0,10	77	0,10	95
депозиттік сертификаттар	0	0	0,00	0	0,07	54	0,10	95
ФАА және шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары	0,08	36	0,15	87	0,18	134	0,15	136
ФАА және шет мемлекеттердің бағалы қағаздары	0,05	24	0,07	41	0,08	62	0,07	64
акциялар және пайлар	0,02	8	0,04	23	0,05	36	0,04	36
облигациялар	0,01	4	0,04	23	0,05	36	0,04	36
Өзге активтер және ақша	0,01	2	0,00	3	0,00	3	0,00	4
Активтердің болжамды көлемі	436		618		773		947	
Орташа өлшемді кірістілік (номиналды/нақты)			6,3%	1,3%	5,6%	0,6%	5,3%	0,3%

Ағымдағы жылдың 8 айында ішкі мемлекеттік борыш сомасы 34% өсті және 2004 жылғы 1 қыркүйекте 553 млрд. теңге құрады, оның ішінде ҚРҰБ ноттары - 323 млрд. теңге (өсім 448%), ҚР ҚМ бағалы қағаздары - 220 млрд. теңге болды (өсім 25%). Сөйтіп , ішкі мемлекеттік борыш нарығы ЖЗҚ-ның және басқа да инвесторлардың сұранымын қанағаттандыру үшін 2008 жылы 1,2 трлн. теңгеден астамын құрауы тиіс.

Сонымен бірақ 2008 жылға дейінгі мемлекеттік бюджеттің тапшылығының болжамы және сонымен байланысты ішкі мемлекеттік борыштың мөлшері жоғарыда көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздарға деген сұраным көлемі қамтамасыз етілмейді деп болжауға негіз беріп отыр.

Болжамға сәйкес Қазақстанның ұйымдастырылған нарығының ресми тізімінің ішкі корпоративті облигацияларды капиталдандыруы 2007 жылы 375 млрд. теңгеге жуықты құрайды.

Сөйтіп, орташа мерзімді кезеңде қазіргі уақытта оның нарығы жылдам қарқынмен өсіп отырған зейнетақы активтерін қазақстандық эмитенттердің корпоративті бағалы қағаздары мен ипотекалық облигацияларға салынуының қолданыстағы облигациялар

шығарылымның көлемі 2004 жылғы 1 қыркүйекте 310 млрд. теңге құрады (2004 жылғы 8 ай ішінде шығару көлемі 70%-ға өскен), сондай-ақ осы қаржы құралдарының кірістілігі негізгі әлемдік валюталар бойынша теңгенің ревальвациясы қарқынынан асып түсуі жағдайында Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қаржы құралдарына салынуының серпінді өсуін күтуге болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның басты мақсаты Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту, салымшылар мен алушылардың құқықтарын қорғау, ұзақ мерзімді ішкі инвестициялар көздері ретіндегі зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Осы Бағдарлама мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу болжанады:

ЖЗЖ-мен халықтың қамтылуын кеңейту және зейнетақымен қамсыздандырудың ерікті түрлерін көтермелеу;

міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің тиімділігін және ЖЗҚ салымшыларының жасырындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары бойынша "бір салымшы - бір қор" қағидатын іске асыру;

міндетті зейнетақы жарналары бойынша агенттер берешегін азайту;

ЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы жөнінде берілген кепілдікті мемлекеттің орындау тәртібін алушының зейнетақы төлемін алу құқығын иелену сәтіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерін белгілеу;

ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ-ның жауапкершіліктерін айқындау және салымшылар (алушылар) мүдделерін қорғау;

зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру; зейнетақы активтерінің көлемінде ұзақ мерзімді қаржы құралдарының үлесін ұлғайту;

зейнетақы активтерінің портфеліндегі қаржы құралдарының бағалық және валюталық тәуекелдерін хеджирлеу;

ұзақ мерзімді индекстелген мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару;

жобалық инвестициялауды дамыту және акциялар нарығын жандандыру;

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілерін қадағалауды дамыту әрі оның тиімділігін арттыру және Халықаралық Зейнетақы Реттеуіштері Қауымдастығының (INPRS) Жеке зейнетақы қорларын реттеу қағидаттарын енгізу.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру

5.1.1 ЖЗЖ-мен халықтың қамтылуын кеңейту және зейнетақымен қамсыздандырудың ерікті түрлерін ынталандыру

Халықты ЖЗЖ-мен барынша қамту мақсатында мыналар қаралатын болады:

1) жеке кәсіпкерлер мен арнайы салықтық режимді қолданатын тұлғалардың дамытылуын кеңейту жөнінде оның ішінде қолданылып жүрген тәртіпті өзгерту әрі осы тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын төлеуін салық органдарының бақылауын күшейту жолымен әкімшілік және экономикалық шаралар кешенін қолдану;

2) нәрестені күтім көрсету бойынша демалысқа шыққан адамдардың пайдасына мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналарын төлеу мүмкіндігі;

3) ЖЗЖ-на төленген ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық салынатын кірістерді айқындау кезінде шегерімді ұлғайту мүмкіндігі;

4) трансфер-агенттер желісін оның ішінде елдің барлық өңірлеріндегі салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсету үшін "МЗТЖО" РМҚК және "Қазпочта" АҚ-ын тарту жолымен дамыту мәселелері.

5.1.2 Міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің тиімділігін қамтамасыз ету және міндетті зейнетақы жарналары бойынша "бір салымшы - бір қор" қағидатын іске асыру

Осы проблемаларды шешу "ЗТЖМО" РМҚК базасында бірыңғай есепке алу орталығын құру жолымен жүзеге асырылады. Сөйтіп, бүкіл ақпарат пен ақша ағындары (жарналар, қате есептеліп қайтарылған жарналар және жинақталған зейнетақы жинақтарының аударымдары) бірыңғай есепке алу орталығында жинақталады, ал жеке тұлғаның міндетті зейнетақы жарналарының немесе зейнетақы жинақтарының сомалары міндетті зейнетақы жарналарының немесе БСК дұрыстығын немесе белгілі бір ЖЗЖ салымшысы ретіндегі оның сәйкестендірілуін тексергеннен кейін осы қорға жіберіледі.

Бұдан басқа осы схеманың күмәнсіз артықшылығы ЖЗЖ-ның барлық салымшылары бойынша шынайы дерекқорының болуы болып табылады, бұл өз кезегінде "бір салымшы - бір қор" қағидатын сақтауға және бір салымшының зейнетақы жинақтарының нақты сомасының көрсетілуіне, агенттердің міндетті зейнетақы жарналарын бір бенефициарға аудару жөніндегі төлем құжаттарын қалыптастыруына, сондай-ақ аударым операцияларының шығындарын азайтуға

к е п і л д і к

б е р е д і .

О с ы м і н д е т т і ш е ш у м а қ с а т ы н д а :

1) өзара іс-қимыл жасау рәсімдері, ЖЗЖ-дағы төлемдерге қатысушылардың ақпарат алмасу стандарттары әзірленген және олардың құқықтары мен міндеттері "Халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген;

2) "ЗТЖМО" РМҚК функциялары мыналарды қамтиды:

"бір салымшы - бір қор" бақылауын қамтамасыз еткен зейнетақы шартын жасаған барлық жеке тұлғалардың тізіміне әкімшілік жүргізу, бұл ретте осы тізімді - ЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары) бойынша бірыңғай дерекқор жасау кезеңінде салымшыда (алушыда) бірнеше ДЗШ болған жағдайда шоттарды біріктіру тәртібі әзірленуі тиіс; зейнетақы жарналарын жасырын төлеуді қамтамасыз ете отырып, ЖЗҚ салымшылары (алушылары) бойынша бірыңғай дерекқорына сәйкес агенттердің міндетті зейнетақы жарналарын аудару;

қате аударылған зейнетақы жарналарын қайтару, оның ішінде деректемелерінде қате табылған салымшылардың ғана зейнетақы жарналарын қайтаруды қамтамасыз ету;

ЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары) бойынша бірыңғай дерекқорына сәйкес зейнетақы жинақтарын аудару.

5.1.3 Міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі агенттердің берешегін азайту

Еңбек қатынастарында тұрған, бірақ ӘЖК немесе ЖЗҚ-мен зейнетақы шарты болмаған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектері мен өсімпұлдарын агенттердің төлетуі жөніндегі мәселелерді шешу мақсатында осындай қызметкерлерді іздестіру жөніндегі агенттер жұмысының белсенділігін жандандыру.

Міндетті зейнетақы жарналарын аударым үшін "ЗТЖМО" РМҚК және ЖЗҚ-нан тіркелген ӘЖК туралы және жасалған зейнетақы шартының болуы (болмауы) туралы ақпаратты сұрату жолымен алу қажетті деректемелерді мүмкіндігі.

Осы міндетті шешу мақсатында "Халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

5.1.4 Төлем жасау сәтінде инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру

Зейнетақы төлемін алу құқығын иелену сәтіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшеріндегі салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік беруді іске асыру тәртібін және республикалық бюджетке енгізілуі қажет шығыстардың болжамды сомасын айқындау мақсатында мыналар:

1) "ЗТЖМО" РМҚК деректер базасында инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген жарна мөлшерінде жинақтың ең төменгі мөлшерінің мониторингі жүзеге асырылады;

2) "Халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі және нақты енгізілген жарналар есебінің әдістемесі бөлігінде инфляция деңгейін, мерзімін және алушы тарабынан қажетті құжаттар тізбесін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының тиісті шығындарын өтеу жөніндегі мемлекеттік жауапкершілікті орындау рәсімдерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

5.2. Салымшылар (алушылар) құқықтарын қорғау

Зейнетақы активтерін дербес басқарушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ-ның соттан тыс жауапкершілігі және барлық ЖЗҚ-ның орташа өлшемді оң номиналды кірісінің белгілі бір ауытқуы шегіндегі инвестициялық кірістерін қамтамасыз ету тәртібі "Халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және басқа да құқықтық нормативтік актілерде белгіленеді.

Жекелеген ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің мәні орташа өлшемді номиналды кірістің белгіленген ауытқуынан төмен болған кезде зейнетақы активтерін дербес басқаратын ЗАИБЖАҰ немесе ЖЗҚ инвестициялық кірістерінің жетіспейтін сомасы меншікті капиталдың есебінен ең төмен шекке дейін қалпына келтірілетін болады.

Инвестициялық кірістің ең төменгі шекті деңгейі ЖЗҚ-ның орташа өлшемді кірісінің нақты мәніне сәйкес бір айдан екінші айға өзгеріп отыратын болады. Зейнетақы активтерінің орташа өлшемді номиналды кірістілігінен ауытқуының шекті мәндері нарықтағы жағдайға қарай айқындалатын болады, бұл экономикалық факторлардың өзгеруіне барабар ден қоюға мүмкіндік береді.

ЖЗҚ-ның орташа өлшемді номиналды кірісін есепке алу базасы ретінде зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімділігін ескере отырып, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап 36 айға тең бағалау кезеңі белгіленеді.

5.3. Зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту

5.3.1 ЖЗҚ портфелінде ұзақ мерзімді қаржы құралдарының үлесін ұлғайту

ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ-ын ұзақ мерзімді кірістілікпен қамтамасыз етуге ынталандыру мақсатында ЖЗҚ зейнетақы портфеліндегі қаржы құралдарының құнын бағалау және есепке алу әдістемесі "Халықты зейнетақы мен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және басқа да құқықтық нормативтік актіде белгіленетін болады.

ЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелі 39 "Қаржы құралдары: тану және бағалау" халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2 санатқа бөлінеді - "өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар" және "сатуға арналған қолда бар қаржы активтері".

Кесімді өтеу мерзімі бар, зейнетақы активтері есебінен инвестициялар "өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар" санатына белгіленеді, олар сатып алу құны бойынша бастапқы танудан кейін қаржы активі немесе қаржы міндеттемесінің ағымдағы таза теңгерімдік құнының шамасына дейін төлем мерзімі немесе пайыз ставкасын кезекті қайта қарау күні басталғанға дейін күтілетін, болашақтағы ақша төлемдерінің сомасын нақты дисконттау кезінде қолданылатын, амортизацияланған шығындар бойынша көрсетілуі қажет тиімді пайыз ставкасының әдісімен анықталады.

Бұдан басқа, амортизацияланған шығындар бойынша көрсетілген, өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар шетел валюталарының бағамдарының өзгеруіне байланысты тәуекелдерді хеджирлеудің тиімді құралдары болып табылады.

ЖЗҚ портфеліндегі үлестік және туынды қаржы құралдары "сатуға арналған қолда бар қаржы активтері" санатында белгіленеді және сатып алу құны бойынша бастапқы танудан кейін осы құралдардың нарықтық бағамының өзгеруі ескеріле отырып, көрсетілуі тиіс.

5.3.2 Туынды қаржы құралдарын сатып алу

Зейнетақы активтері портфеліндегі қаржы құралдарының баға және валюталық тәуекелдерін хеджирлеу мақсатында "Халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында сатып алынатын туынды бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға шарттар жасасу мүмкіндіктерін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Сондай-ақ зейнетақы активтерінің мақсаттан тыс пайдаланылуын болдырмау мақсатында тәуекелдерді басқару стратегиясында операциялар жасаудың тәртібі және ЖЗҚ зейнетақы активтерін хеджирлеудің тиімділігін бағалау рәсімдері реттеледі.

5.3.3 Ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару

Мемлекеттік ішкі қарыз алу аясында жүргізіліп отырған саясат шеңберінде мынадай міндеттер шешіледі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі олардың болжамды көлемі мен мерзімділігін көрсете отырып, орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының кестесін жасайды;

шығарылымның жалпы санын қысқарту және сыйақы төлемдерінің кезеңділігін азайту кезінде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару көлемін және олардың айналыс мерзімін ұлғайту жолымен ішкі қарыз алу құнын төмендету;

нарықтағы жағдайға қарай индекстелген және купонды мемлекеттік бағалы қағаздар арасындағы қарыз алудың жалпы көлемінде оңтайлы ара қатынас белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді барынша төмендету.

Қазақстан қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру зейнетақы активтерін дербес басқарушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ-ға қол жеткізуді ұсыну мақсатында жүзеге асырылады. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерін инвестициялауға арналған, инфляция мәніне индекстелген сыйақы ставкасы, мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру сауда-саттықты өткізудің жеке тетігі пайдаланылып жүзеге асырылатын болады.

5.3.4 Жобалық инвестициялауды дамыту және акциялар нарығын жандандыру

Инвестициялық жобаларды қаржыландырудың баламалы нысандарын дамыту осы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін шығарылған облигациялар бойынша мемлекеттік кепілдіктерді бере отырып, осындай жобалардың тізімін заң жүзінде белгілеу жолымен жүзеге асырылады. Мемлекеттің кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жағдайы туындаған кезде, оларды кейін мемлекеттің меншігіне бере отырып, облигациялар эмитентінің акцияларын мәжбүрлеп шығару тетігі көзделуі мүмкін.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылған облигацияларды шығару және зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарының тізбесіне енгізу үшін мемлекеттік кепілдік беру және "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Заңға сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-тың кепілдігін беру мүмкіндігі көзделеді.

Үлестік бағалы қағаздарды дамытудың маңызды жолы кәсіпорындар мен ұйымдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату немесе мемлекеттің, даму институттарының қатысуымен акцияларды қосымша шығару және зейнетақы

қорларының арасында орналастыру жолымен оларды әрі капиталдандыру болып табылады. Акцияларды қосымша шығарған жағдайда мемлекет олардың капиталындағы бақылау пакетін сақтай алады. Осы шара ішкі институционалдық инвесторлар әлуетін тиімді пайдалануға жәрдемдесетін болады. Инвесторлардың арасындағы шешуші роль зейнетақы қорларына тиесілі болғандықтан, мынадай: нақты сектордың стратегиялық жобаларын қаржыландыру үшін зейнетақы активтерін тарту, зейнетақы активтерінің сақталуын және барабар кірістілігін қамтамасыз ету сияқты экономикалық міндеттер іске асырылатын болады. Екінші жағынан осы шара мемлекеттік кәсіпорындар мен даму институттары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, олар қаржыландыратын жобалар мен қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ашып, жария етуге жәрдемдесетін болады.

Акциялар рыногын жандандыру мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне листингтің ең жоғарғы санаты бойынша қатысуы немесе кредиттік рейтингті, оның ішінде ұлттық рейтинг шкаласы бойынша рейтинг алу жолымен және осы кәсіпорындардың акцияларын ұйымдасқан рынокта сату арқылы жүзеге асырылады.

5.3.5 Зейнетақы төлемдері схемасын жетілдіру

Ұзақ мерзімді жеке сақтандыруды дамыту және ЖЗҚ салымшыларын (алушыларын) өмір бойы зейнетақы аннуитеттерімен қамтамасыз ету қызметінің негізгі бағыттары аннуитет шарттарын жасасу арқылы сақтандыру рыногында аннуитет өнімдерін беру, оның ішінде еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жарақат алған және мертіккен қызметкерлерге сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру болып табылатын Мемлекеттік аннуитет компаниясын құруға байланысты болып отыр.

Сондай-ақ зейнетақы және аннуитет салық төлемдеріне салық салуды жетілдіру мәселелері қаралады.

5.3.6 Активтерді әртараптандыруымен ерекшеленетін зейнетақы жоспарларын енгізу

Зейнетақы жинақтарының кірістілігін қамтамасыз ету мақсатында бір-бірінен зейнетақы активтерінің портфеліндегі қаржы құралдарының құрамымен салымшылардың әр түрлі топтары үшін кірістілігімен және инвестициялық тәуекел деңгейімен ерекшеленетін зейнетақы жоспарларын енгізу мәселелері қаралатын болады.

5.3.7 Зейнетақы активтерінің бір бөлігін шетелдік басқарушы компанияларға басқаруға беру

Шетелдік бағалы қағаздарға инвестициялау тиімділігінің артуы активтерді басқарушылардың кәсіби деңгейінің жоғарылығына әлемдік қор рыногында болып жатқан барлық өзгерістерді тұрақты қадағалау мүмкіндігіне байланысты болып отыр, осыған байланысты зейнетақы активтерінің бір бөлігін шетелдік басқарушы компанияларға басқаруға беру тетіктері қаралатын болады.

5.4. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілерін қадағалауды дамыту және оның тиімділігін арттыру

Жүйені одан әрі дамыту, зейнетақы қызметінің тиімді, әділ әрі тұрақты нарығына қол жеткізу мақсатында мынадай мәселелер қаралатын болады:

ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ-да корпоративті басқару және тәуекелдерді басқару жүйесінің қағида т т а р ы н е н г і з у ;

"Халықты зейнетақы мен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген зейнетақы активтерін сақтандыру жүйесін құру, оның нысандары мен құрылу у а қ ы т ы ;

топтастырып қадағалауды жетілдіру;

жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерінің автоматтандырылған ақпарат жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру қолданыстағы қаржыландыру нормалары шегінде тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін, сондай-ақ "ЗТЖМО" РМҚК-ны қаржыландыру шеңберінде тиісті жылдардың бюджеттерінде мөлшері анықталатын 2006 жылы 35,7 млн. теңге, 2007 жылы 182,5 млн . теңге сомаларында республикалық бюджеттің қаражатын қажет етеді.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру мыналарға:
халықтың ЖЗЖ-мен қамтылуын кеңейту;
ЖЗҚ-ның ЗАИБЖАҰ қызметінің қаржылық сенімділігін және ашықтығын арттыруға ;

зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдары ұсыныстарын ұлғайтуға ;

әртүрлі ЖЗҚ-ының салымшылары арасында зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түсетін кірістерді тұрақтандыруға;

ЖЗЖ субъектілерінің қадағалау және реттеу тиімділігін арттыруға жәрдемдеседі.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін инвестициялық мүмкіндіктердің кеңеюі, өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді қаржы құралдарының ұлғаюын ескере отырып, орташа өлшемді номиналды кіріс 4,5% - 6,5 % құрайтын болады деп күтілуде, жүйе қалыптаса бастаған алғашқы кезде пайда болған қате шоттар саны едәуір қысқаратын болады, "бір салымшы - бір қор" қағидаты іске асырылатын болады және ЖЗҚ-ға төлемдердің тиімділігі артады.

8. Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40, 2007.02.16. N 117 қаулыларымен.

Рет саны	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығындар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1	"МЗТО" РМҚК базасында бірыңғай есепке алу орталығын құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	Еңбекмині, Қаржымині, ҚҚА (келісім бойынша)	2005 жылғы 4 тоқсан	Талап етілмейді	
2	Агенттердің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектерін азайту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	Еңбекмині, Қаржымині	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	
	Инфляция деңгейін ескере отырып іс жүзінде салынған жарна мөлшерін-	Қазақстан Респуб-	Еңбекмині, Қаржы-			

3	дегі ең төменгі жинақ мөлшерінің мониторингін жүзеге асыру және "бір салымшы - бір қор" принципін іске асыру	бликасы Үкіметі қаулы- сының жобасы	мині, Қ Қ А (келі- с і м бойын- ша)	2006 жыл 2007 жыл	35,7 182,5	Респу- бли- калық бюджет
4	Зейнетақы төлемдерін алуға құқық алу сәтінде, салымшылардың (алушылардың) инфляция деңгейін ескере отырып іс жүзінде салынған міндетті зейнетақы жарналары мөлшеріндегі зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдікті іске асыру тәртібін айқындау	Қазақ- стан Респу- бликасы Заңының жобасы	Еңбек- мині, Қаржы- мині, Қ Қ А (ке- ліс і м бойын- ша)	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етіл- мейді	
5	Барлық ЖЗҚ бойынша орташа өлшемді номиналды кіріс мәні шегінде ең төменгі шекті кірісті бекіту және оны зейнетақы активтерін дербес басқаратын ЗАБЖҚА мен ЖЗҚ-дың өтеу тәртібі	Қазақ- стан Респу- бликасы Заңының жобасы	Қ Қ А (келі- с і м бойын- ша)	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етіл- мейді	
6	Қаржы құралдарын есепке алу және олар бойынша ЖЗҚ-дың зейнетақы активтері портфеліндегі кірістерді зейнетақы активтерін дербес басқаратын ЗАБЖҚА мен ЖЗҚ-ды бағалы қағаздар сатып алуға ынталандыру мақсатында тану әдістемесін қайта қарау	Ведом- стволық норма- тивтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Қ А (келі- с і м бойын- ша), Қ Р Ұ Б (келі- с і м бойын- ша)	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етіл- мейді	
	Зейнетақы активтерін хеджирлеу	Ведом- стволық	Қ Қ А (келі- с і м бойын-			

7	операцияларын жасау тәртібін әзірлеу	нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	ша), ҚРҰБ (келісім бойынша)	2005 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
8	Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының болжамды схемасын орта мерзімді негізде құрастыру	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қаржы-мині, ЭБЖМ	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	
9	Мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың және олардың еншілес ұйымдарының тізбесін, оларды қосымша капиталдандыру және (немесе) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында олардың үлестерін сату тәртібін айқындау	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қаржы-мині, ЭБЖМ, ҚҚА (келісім бойынша)	2005 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
10	ЖЗҚ салымшыларының таңдап алуы мақсатында активтерді әртараптандыруымен ерекшеленетін әртүрлі зейнетақы жоспарларын енгізуге арналған іс-шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҚҚА (келісім бойынша)	2007 жылғы 3 - 4 тоқсан	Талап етілмейді	
11	Зейнетақы активтерінің бөлігін шетелдік басқару компанияларының басқаруына берудің мақсатқа лайықтығына талдау жүргізу	Үкіметке ұсыныс	ҚҚА (келісім бойынша)	2006 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
	ЖЗЖ халықты қамтуын кеңейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбек-мині, Қаржы-			

12	және зейнетақымен қамсыздандырудың ерікті түрлерін ынталандыру жөніндегі шараларды көздеу	және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	мині, Қ Қ А (келісім бойынша)	2005 жылғы 4 тоқсан	Талап етілмейді	
13	ЗАБЖҚА мен ЖЗҚ-ға корпоративтік басқару принциптері мен тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Қ А (келісім бойынша)	2007 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	
14	Зейнетақы активтерін сақтандыру жүйесін құру тетіктерін қарастыру	Үкіметке ұсыныс	Қ Қ А (келісім бойынша)	2007 жылғы 4 тоқсан	Талап етілмейді	
15	Топтастырылған қадағалауды жетілдіру және теріс пиғылды бәсекені шектеу	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Қ А (келісім бойынша), ҚР ҰБ (келісім бойынша)	2006 жылғы 3 тоқсан	Талап етілмейді	
16	ЖЗҚ-дың автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қ Қ А (келісім бойынша), ҚР ҰБ (келісім бойынша)	2005 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	